

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Арақ құйып көрге сүйрегенше,қымыз құйып,төрге сүйре!

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.02.2024

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/148405/>

Гүлім Совет

Тақырыбы: Арақ құйып көрге сүйрегенше,қымыз құйып,төрге сүйре!

Арақ құйып көрге сүйрегенше,қымыз ұсынып төрге сүйре!

Қазақ деген халықтың қонақжайлылығын, мейірбандығын, көңілінің ашықтығын, еш нәрседен аянып қалмайтының,қолындағының бәрін бере с алатын айта бергің келеді ғой, шіркін! Шаңырағына келген қонағын құдайындай сыйлаған халық. Қашан да бар тәттісін алдына қойып, сый-құрметтің ең биігіне бөлеген. Ал бүгінгі таңда қонағымызға сый-құрмет көрсетіп , барымызды салып жүрміз бе? Келген қонағыңа арақ құйып көрге сүйрегенше, қымыз ұсынып төрге сүйре, шапан жап, сөйтіп алғысқа бөлен!

Өкінішке қарай, Совет үкіметі заманында өскен ағаларымыз бен әпкелеріміздің көбі дерлік «өзгені сыйлау» дегенді «арақ құю» деген тіркеспен синоним етіп алған. Үйіне кім келмесін, қазысынан бұрын арағы дайын тұратын қаншама отбасын көрдім және көріп те келемін. Әлгісін шығармаса, құймаса, сені адам құрлы көрмей тұр деген түсінік қалыптасып кеткен сірә. Үйіне қонақтап барған туысы, досы да сол бір ащы сусыннан дәметіп тұрады екен. Сол арқылы өзінің сол отбасы үшін қаншалықты сыйлы екенін біле алады. Кез келген үйдің сәресінде спирттік сусын болуы тиіс, әйтпесе, қандай туған күн, қандай мейрам, қандай кеш? Онсыз дұрыс қызбайды екенсің, ал қызбасаң, кештің сәні кірмейді-мыс.Қаншама азап, бәле-жала сол бір арақтың кесірінен болып жатты. Кей жандардың өмірін жалмады (өзім куә), кей отбасының шырқын бұзды, нағыз берекесіздіктің бастауы да сол ащы сусыннан. Бір өкініштісі, соның бәрін олар жақсы біледі, бірақ қабылдай алмайды немесе мойындағылары келмейді.Заманның сондай ащы суға байланып қалғаны ма? Бәрін қызбалыққа салған осы ащы суды жаны қалаған адамды тыю мүмкін бе? Басқа да себептері

бар шығар, кім білсін! Не де болса, ес жиятын кез-келді. Қымызын ішіп, қой бағып жүрген қазақтың санасын арақпен улаған Кеңес үкіметінің саясатына тоқтау салу керек. Айналайын, ағатайларым, әпкелерім! Арақтың денсаулыққа зиян екенін айтпасам да, түсінетіндеріңізге шүбәм жоқ. Бұл — бір. Бүгінгі таңда адамның бәрі оқыған, сауаты бар, түсінеді. Алланың да барын, оның парыздарын, қандай асты халал-харам етіп ара-жігін ашып қойған. Бұл — екі. Сол ащы сусынды ішіп алып, бір-біріне айтқан тілектері ше?! «Осы айтылған тілектер періштенің, Алланың құлағына шалынсын!» деп қояды естерін білмей. Арақ ішілген шаңыраққа періштеңіз көз қырын да салмайтын шығар, құлақ түрмек түгілі.

Қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп атамыздың осы бір болжамы қазіргі сүріп жатқан өмірімізбен тұспа—тұс келеді: «Жұт келеді. Қалың қазақ қырылады. Жұттан аман шыққан ел 70 жыл Құдайсыз қоғамда өмір сүреді. Одан кейін елді 30 жыл ұры-қарылар былықтырады. Осының бәрінен өткен соң ғана қазаққа қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман туады» деп болжаған екен. 70 жыл бойы Алланың атын ұмытып, әлі ырғалып жүргендер қаншама? Қазақтың маңдайына біткен салт-дәстүрін ұстан, дәріпте, келген қонағыңа арақ құйып көрге сүйрегенше, қымыз ұсынып төрге сүйре, шапан жап, ат мінгіз, сөйтіп алғысқа бөленсен, қазаққа қой үстіне бозторғай жұмыртқалар күнде алыс емес!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.